

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Қасым
Қайсенов кенті әкімшілік аумағындағы
Қараөзек бұлағының су қорғау аймағы мен су
қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа
пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 29
маусымдағы № 205 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының
Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 шілдеде № 5659
болып тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
03.08.2018 ж.

РҚАО-ның ескертпесі.

*Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен
орфографиясы сақталған.*

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі
Су кодексінің 39, 116, 116, 145-1-баптарына, "Қазақстан
Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және
өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001
жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1)
тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама
негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-
гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде
ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын,
қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ
өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс
Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан
облысы Ұлан ауданының Қасым Қайсенов кенті әкімшілік
аумағындағы Қараөзек бұлағының су қорғау аймағы мен су
қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы
заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан
ауданының Қасым Қайсенов кенті әкімшілік аумағындағы
Қараөзек бұлағының су қорғау аймағы аумағында
шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау
белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі
белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және
табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (М.Н. Нұрғалиев)
бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан

Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыс әкімінің аппараты, облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан
облысының әкімі*

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан

Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлігі

Су ресурстары

комитетінің

Су ресурстарын
пайдалануды реттеу
және қорғау
жөніндегі Ертіс
бассейндік

инспекциясының Қ.
басшысы Баймағамбетов

2018 жылғы "2" шілде
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан
Республикасы
Денсаулық сақтау
министрлігі

Қоғамдық
денсаулық сақтау
комитетінің
Шығыс Қазақстан

облысы
Қоғамдық
денсаулық сақтау
департаментінің F.
басшысы Сүлейменов

2018 жылғы "29" маусым

Шығыс
Қазақстан
облысы
әкімдігінің
2018 жылғы
"29"
маусымдағы
№ 205
қаулысына
қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Қасым Қайсенов
кенті әкімшілік аумағындағы Қараөзек бұлағының су
қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

Су объектісі,	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м

оның учаскесі						
1	2	3	4	5	6	7
А-3 тас жолынан (Өскемен- Алматы) 2 км кем емес жоғарғы ағысы бойынша Қараөзек бұлағы	4,55	236,49	500	5,17	19,51	35

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.